«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

080012, Тараз қаласы, Ленин көшесі, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink.taraz@minfin.gov.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

080012, г. Тараз, ул. Ленина, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink.taraz@minfin.gov.kz

№ ІШАД-6-14/1542
11.05.2018г.

**«Қаз Нұр жобалау
құрылыс институты»
ЖШС-нің директоры
Н.Давлетяровқа.**
*ОҚО, Шымкент қаласы,
Аль-Фараби даңғылы, 3*

***Сізден 2018 жылдың 23 сәуіріндегі
№ ЮЛ-Д-417 келіп түскен хатыңызға***

Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит Комитетінің Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті Сіздің хатыңызға байланысты келесіні хабарлайды.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталында «Жамбыл облысы әкімдігінің құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Жамбыл облысы бойынша жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу, 3 лот» № 2160020-2 ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуын өткізген.

Сіздің конкурстық өтініміңізді бақылау кезінде, біліктілік туралы мәліметінде жұмыс нарығында 2014-2017 жылдар аралығындағы жұмыс тәжірибесі бар екендігі анықталды.

Мемлекеттік сатып алу ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесінің» 155 тармақшасын бұза отырып, Сіздің конкурстық өтініміңізге байланысты жоғарыда көрсетілген 4 жыл жұмыс тәжірибеңізге 4 % шартты жеңілдік қолдану керек.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген «Камералдық бақылауды жүргізу жөніндегі» Ереженің 11-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу ұйымдастырушысына бақылау нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы туралы хабарлама жіберілді.

Сонымен қатар, Сіздің өтінішіңізде көрсетілген 1 % кепілдікті қамтамасыз ету сұрағына байланысты, әлеуетті өнім берушілер «Ұлмад» және «Жамбылагрогазпроект» ЖШС-нің конкурстық өтінімдерін бақылауында, 1 % кепілдікті қамтамасыз ету әр лотына сай салынғаны және де бар екендігі анықталды.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабы және 14 бабының 6 бөлімдеріне сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімді жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе бағыныстылық тәртібімен субъектіге, сондай-ақ шешім қабылдағаны туралы белгілі болған кезден бастап, үш айдан кешіктірмей сотқа шағым беруіңізге болады.

Басшының орынбасары **Қ. Орманов**

Бектенов А.
43-54-60